


Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ

БЕКІТЕМІН
Академиялық сапа жөніндегі
комитетінің төрағасы
 Н.А.Ахатаев
« 01 » желтоқсан 2023ж.



ТҮЛЕК МОДЕЛІ

«БВ01519 – География-Тарих» білім беру бағдарламасы
бойынша бакалавр

Қызылорда қ, 2023

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 БББ сипаттамасы	3
2 Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері	4
2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары	4
2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері	4
2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері	4
2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктер мен салыстыру матрицасы	5
2.5 Маманның жеке қасиеттері	6

КІРІСПЕ

Бітіруші түлектін құзыреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудың құзыреттілік моделі белгілі дәрежедегі (лауазымды), белгілі бір бейіндегі маман қандай кәсіби міндеттерді шеше алуы керек деген сұраққа жауап беруге арналған. Стейкхолдерлер және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап беретін ЖОО бітірушінің заманауи үлгісін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚҰ-ның басты стратегиялық мақсаты болып табылады және оқу үдерісіне қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университетте еңбек нарығында сұранысқа ие бакалавриат түлектерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін мақсатты кадрлық саясат және жүйелі түрде университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту жүргізіледі.

1. 6B01519 – География-Тарих білім беру бағдарламасы сипаттамасы

6B01519 – География-Тарих білім беру бағдарламасы 6B01519 «География-Тарих» мамандығының «Білім беру» 6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағытымен бітірушіге қажетті негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға жаңа көзқарасты ұсынады. Бағдарлама мектептерде география мен тарихты оқытудың классикалық және дәстүрлі әдістерін сақтай отырып, заманауи, инновациялық тәсілдерге ерекше көңіл бөледі.

6B01519 – География-Тарих білім беру бағдарламасы жүзеге асыру бітірушінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған, оқытудың құзыреттілік тәсіліне негізделген, т.б. бітірушілер тек білім, білік және дағдыларды меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге оларды болашақ кәсіби қызметінде қолдана білу, өз бетімен оқуға және өзін-өзі жетілдіруге дайын болуы керек, бұл География және тарих білім беру бағдарламасы айрықша белгісі болып табылады.

«Педагог» кәсіби стандарты негізінде еңбек нарығының талаптарын, жұмыс берушілердің сұраныстарын, студенттердің мүдделерін және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, құзыреттіліктер әзірленді.

2. Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері

Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, объектілері, кәсіптік қызмет түрлері мен бағыттары, маманның құзыреттілік моделі (1-қосымша) туралы ақпаратты, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрі және білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары

Географиялық және тарихи ілім беру қызметін жүзеге асыруға бағытталған, терең теориялық білімді көрсететін, жаңартылған білім беру жүйесі жағдайында оқытудың инновациялық әдістерін меңгерген бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие жоғары білімді педагогтарды даярлау

2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында ЖОО-дағы инновациялық тәжірибе негізінде мұғалімнің көпмәдениетті тұлғасын дамыту және қалыптастыру үшін қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау;
- білім алушылардың кәсіби жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға уәждемесін қалыптастыру негізінде ұлттық және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес білім беру сапасының деңгейін арттыру;
- кейінгі табысты кәсіби қызмет үшін негізгі, пәндік және кәсіби құзыреттерді меңгеру;
- студенттердің география және тарих саласындағы ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруға және жүргізуге дайындығын қалыптастыру.

2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері

- Жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, кәсіпкерлік, құқықтық, экологиялық білімдерді, тіршілік қауіпсіздігі мәдениеті мен көшбасшылық қасиеттерді түрлі салаларында қолдануға қабілеттілігі мен дайындығын көрсетуге қабілетті;
- География және тарих саласындағы білім мен дағдыларды, терминдер мен құбылыстарды көрсете отырып, негізгі заңдылықтар мен ерекшеліктерге ғылыми талдау жасау қағидаларын білуді игереді;
- География және тарих пәндері бойынша іргелі, қолданбалы және пәнаралық білімді кәсіби қызметте интерпретациялауға дайын;

- Тарихтың алғашқы қауымдық құрылыстан бастап, ежелгі дәуір, орта ғасырлар, жаңа, қазіргі заманғы және бүгінгі кезеңге дейінгі ғылыми-танымдық мәліметтерін меңгеруге дайын болады;
- Географиялық және тарихи дерек көздерімен жұмыс жасауда ақпараттық жүйелер мен технологияларды жобалаудың заманауи әдістері мен құралдары бойынша білімді қолдануды біледі;
- Педагогтің кәсіби міндеттерін шешу үшін алған теориялық және практикалық білімін талдайды, командада жұмыс істеуді, тиімді басқарушылық коммуникация жүйесін жолға қоюдың әдістері мен тәсілдерін меңгеруге қабілетті;
- Кәсіби саладағы географиялық-тарихи мәселелер мен қорытындыларды шешуде білім беру тұжырымдамалары мен әртүрлі ғылыми зерттеу әдістерін жүйелеуді игереді;
- Оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес сындарлы және инклюзивті оқытуда, критериалды бағалауда оқытудың жаңа тәсілдері мен әдістерін педагогтің кәсіби қызметінде қолдану біліктері мен дағдыларын көрсетуді біледі;
- География және тарих пәндері бойынша, оның ішінде физикалық, экологиялық, экономикалық, саяси, тарихи ғылымдар саласындағы білім мен түсінікті меңгереді. Алған білімдерін жалпы және кәсіптік білім беру ұйымдарында ғылыми-зерттеу қызметінде, оқушылармен пәндік және қосымша жұмыс түрлерін ұйымдастыруда жүзеге асырға қабілетті.

2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктермен салыстыру матрицасы

Құзыреттілік	ON1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8	ON 9	ON 10
ЖҚ1	+									
ЖҚ 2	+									
ЖҚ 3	+									
ЖҚ 4	+									
ЖҚ 5	+									
ЖҚ 6	+									
ЖҚ 7	+									
ЖҚ 8	+									
БҚ1						+		+		
БҚ 2	+		+	+						
БҚ 3			+		+					
БҚ 4		+	+							
БҚ5		+			+		+	+		
БҚ6						+		+		
БҚ7						+		+		
БҚ8		+								
БҚ9							+			+
БҚ10						+		+		
БҚ11		+	+							
БҚ12				+						+

БҚ13			+					+	
БҚ14				+			+		
БҚ15						+			
БҚ16						+		+	
БҚ17			+	+					
БҚ18			+						+
БҚ19			+	+					
БҚ20		+	+						
БҚ21			+	+					
БҚ22 ^{minor}			+						+
БҚ23			+						+

2.5 6B01519 – География-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша маманның жеке қасиеттері.

- кешенді міндеттерді шеше білу;
- сыни тұрғыдан ойлау;
- шығармашылық ойлау;
- командада жұмыс істей білу;
- өзінің және басқалардың эмоцияларын тану, басқару қабілеті;
- пайымдауды қалыптастыру және шешім қабылдау қабілеті;
- келіссөздер жүргізу;
- бір тапсырмадан кейін екіншісін орындай алу.